

**Қазіргі заманғы  
маңызды мәселелер**

**Актуальные проблемы  
современности**

**Actual Problems  
of the Present**

№2 (52)

**ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ  
МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР**

*Халықаралық ғылыми журнал*

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ  
СОВРЕМЕННОСТИ**

*Международный научный журнал*

**ACTUAL PROBLEMS OF  
PRESENT**

*The international scientific journal*

**№2 (52)**

**Бас редактор**

Қ.Б. Аданов, PhD, «Bolashaq» Академиясы, Қазақстан

**Бас редактордың орынбасары**

А.Л. Шевякова, тарих ғылымдарының кандидаты, «Bolashaq» академиясы, Қазақстан  
О. Капранов, PhD, NLA University College, Норвегия

**Атқарушы редактор**

Б.Р. Хасенов, PhD, «Bolashaq» Академиясы, Қазақстан

**Редакциялық алқа**

Й. Аурагер	PhD, аға ғылыми қызметкер	Сингапур ұлттық университеті	Сингапур
Е.Ю. Протасова	филология ғылымдарының докторы, профессор	Хельсинки университеті	Финляндия
М.Т. Санчес	PhD, аға оқытушы	Абердин университеті	Ұлыбритания
Б.М. Нурғалиев	заң ғылымдарының докторы, профессор	Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті	Қазақстан
Б. Симонович	заң ғылымдарының докторы, профессор	Крагуевац университеті	Сербия
К.Б. Сарбасова	педагогикалық ғылымдар докторы, профессор, АПСК академигі	І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті	Қазақстан
С. Шахин	PhD	Ақдениз университеті	Түркия
Г.О. Тажигулова	педагогика ғылымдарының докторы, профессор	Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	Қазақстан
Т.А. Данияров	педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор	Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті	Қазақстан
А. Сиянова-Чантурия	PhD	Веллингтон Виктория университеті	Жаңа Зеландия
А.А. Нурумов	экономика ғылымдарының докторы, профессор	Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті	Қазақстан
А.Г. Бутрин	экономика ғылымдарының докторы, профессор	Оңтүстік Орал мемлекеттік университеті	Ресей
И.С. Насипов	филология ғылымдарының докторы, профессор	Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университеті	Ресей
Н.А. Исмаил	PhD	Университи Тун Хуссейн Онн	Малайзия
Е.Б. Касенов	тарих ғылымдарының кандидаты, доцент	«Bolashaq» Академиясы	Қазақстан
А.П. Алексеев	философия ғылымдарының докторы, профессор	М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті	Ресей
Т. Хоссайн	PhD, профессор	Waseda университеті	Жапония
А.Е. Бижкенова	филология ғылымдарының докторы, профессор	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Қазақстан

Жеке мақалалар: © 2026 Автор(лар).

Жариялаушы: «Bolashaq» академиясы» жеке мекемесі / «Bolashaq-Baspa».

Осы шығарылымдағы мақалалар, егер өзгеше көрсетілмесе, Creative Commons Attribution 4.0 International License (CC BY 4.0) шарттары бойынша таратылады.

«Қазіргі заманғы маңызды мәселелер» Халықаралық ғылыми журналы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат Министрлігімен тіркелген (25.09.2015 ж. № 15583-Ж мерзімді баспасөз басылымын есепке қою туралы куәлік).

Басылымның мерзімділігі: тоқсанына 1 рет

Негізгі тақырыптық бағыттары: ғылымның әр түрлі салалары қамтылған. Журнал ғылыми мақалалар, зерттеу материалдарын, хабарламалар, рецензиялар және т. б. жариялайды.

Мақала қайта басылған жағдайда журналға сілтеме жасалу міндетті. Авторлар келтірілген фактілердің, дәйексөздердің, жеке атаулардың, соның ішінде географиялық атаулардың шынайылығына жауапты.

Қазақстан Республикасының аумағында 75319 индексі бойынша тіркелген.

Ресей Федерациясының букаралық коммуникациялар және мәдени мұраны қорғау саласындағы заңнаманың сақталуын қадағалау жөніндегі федералдық қызметі РФ аумағында «Қазіргі заманғы маңызды мәселелер» (Қазақстан Республикасы) халықаралық журналын таратуға рұқсат берілген. 2006 жылғы 6 шілдедегі № 78 РП шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарының өнімдерін таратуға рұқсаттама РФ аумағында № 88044 индексі, "Пресса России" Біріккен каталогында № 000053 индексі бойынша тіркелген.

«Қазіргі заманғы маңызды мәселелер» Халықаралық ғылыми журналы «Ресейлік ғылыми дәйексөз индексі» Ұлттық ақпараттық-талдау жүйесіне (РИНЦ) енгізілген. 18.02.2016 ж. № 75-02 / 2016 шарт

**Главный редактор**

*К.Б. Аданов*, PhD, Академия «Bolashaq», Казахстан

**Заместитель главного редактора**

*А.Л. Шевякова*, кандидат исторических наук, Академия «Bolashaq», Казахстан

*О. Капранов*, PhD, NLA University College, Норвегия

**Исполнительный редактор**

*Б.Р. Хасенов*, PhD, Академия «Bolashaq», Казахстан

**Члены редакционной коллегии**

<i>Й. Аурахер</i>	PhD, старший научный сотрудник	Национальный университет Сингапур	Сингапур
<i>Е.Ю. Протасова</i>	доктор филологических наук, профессор	Хельсинкский университет	Финляндия
<i>М.Т. Санчес</i>	PhD, старший преподаватель	Абердинский университет	Великобритания
<i>Б.М. Нургалиев</i>	доктор юридических наук, профессор	Карагандинский университет Казпотребсоюза	Казахстан
<i>Б. Симонович</i>	доктор юридических наук, профессор	Университет Крагуевац	Сербия
<i>К.Б. Сарбасова</i>	доктор педагогических наук, профессор, академик АПСК	Жетысуский университет имени И.Жансугурова	Казахстан
<i>С. Шахин</i>	PhD	Университет Акдениз	Турция
<i>Г.О. Тажигулова</i>	доктор педагогических наук, профессор	Карагандинский университет им. Е.А. Букетова	Казахстан
<i>Т.А. Данияров</i>	кандидат педагогических наук, профессор	Международный казахско-турецкий университет	Казахстан
<i>А. Сиянова-Чантурия</i>	PhD	Виктория университет Веллингтона	Новая Зеландия
<i>А.А. Нурумов</i>	доктор экономических наук, профессор	Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева	Казахстан
<i>А.Г. Бутрин</i>	доктор экономических наук, профессор	Южно-Уральский государственный университет	Россия
<i>И.С. Насипов</i>	доктор филологических наук, профессор	Башкирский государственный педагогический университет	Россия
<i>Н.А. Исмаил</i>	PhD	Университет Тун Хуссейн Онн	Малайзия
<i>Е.Б. Касенов</i>	кандидат исторических наук, доцент	Академия «Bolashaq»	Казахстан
<i>А.П. Алексеев</i>	доктор философских наук, профессор	Московский государственный университет им. М. В. Ломоносова	Россия
<i>Т. Хоссайн</i>	PhD, профессор	Университет Waseda	Япония
<i>А.Е. Бижкенова</i>	доктор филологических наук, профессор	Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева	Казахстан

Отдельные статьи: © 2026 Автор(ы).

Опубликовано Частным учреждением «Академия «Bolashaq» / «Bolashaq-Baspa».

Статьи в данном выпуске распространяются на условиях лицензии Creative Commons Attribution 4.0 International License (CC BY 4.0), если не указано иное.

Международный научный журнал «Актуальные проблемы современности» зарегистрирован Министерством культуры и информации Республики Казахстан (Свидетельство о постановке на учёт периодического печатного издания и № 15583-Ж от 25.09.2015г.).

Периодичность издания: 1 раз в квартал

Основная тематическая направленность ППИ: разные направления науки. Журнал публикует научные статьи, материалы исследований, сообщения, рецензии и др.

При перепечатке ссылка на журнал обязательна. Авторы несут ответственность за достоверность приведенных фактов, цитат, имен собственных, в том числе географических названий.

Подписка на территории Республики Казахстан по индексу **75319**

Федеральная служба по надзору за соблюдением законодательства в сфере массовых коммуникаций и охране культурного наследия Российской Федерации разрешает распространение международного журнала «Актуальные проблемы современности» (Республика Казахстан) на территории РФ. Разрешение на распространение продукции зарубежных периодических печатных изданий РП № 78 от 6 июля 2006 г. Подписка на территории РФ по индексу 88044 в объединенном каталоге «Пресса России» № 000053

Международный научный журнал «Актуальные проблемы современности» включен в национальную информационно-аналитическую систему «Российский индекс научного цитирования» (РИНЦ) – Договор № 75-02/2016 от 18 февраля 2016 г.

**Editor-in-Chief**

K.B. Adanov, PhD, «Bolashaq» Academy, Kazakhstan

**Deputy Editor-in-Chief**

A.L. Shevyakova, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, «Bolashaq» Academy, Kazakhstan

O. Kapranov, PhD, Associate Professor, NLA University College, Norway

**Executive Editor**

B.R. Khassenov, PhD, «Bolashaq» Academy, Kazakhstan

**Editorial Board Members**

<i>J. Auracher</i>	PhD, Senior Researcher	National University of Singapore	Singapore
<i>E.Y. Protassova</i>	Doctor of Philology, Professor	University of Helsinki	Finland
<i>M.T. Sánchez</i>	PhD, Senior Lecturer	University of Aberdeen	United Kingdom
<i>B.M. Nurgaliev</i>	Doctor of Law, Professor	Karaganda University of Kazpotrebsoyuz	Kazakhstan
<i>B. Simonovich</i>	Doctor of Law, Professor	University of Kragujevac	Serbia
<i>K.B. Sarbasova</i>	Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Academician of APSK	Zhetysu University named after I. Zhansugurov	Kazakhstan
<i>S. Şahin</i>	PhD	Akdeniz University	Turkey
<i>G.O. Tazhigulova</i>	Doctor of Pedagogy, Professor	E.A. Buketov Karaganda University	Kazakhstan
<i>T.A. Daniyarov</i>	Candidate of Pedagogical Sciences, Professor	Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University	Kazakhstan
<i>A. Siyanova-Chanturia</i>	PhD	Victoria University of Wellington	New Zealand
<i>A.A. Nurumov</i>	Doctor of Economics, Professor	L. N. Gumilyov Eurasian National University	Kazakhstan
<i>A.G. Butrin</i>	Doctor of Economics, Professor	South Ural State University	Russia
<i>I.S. Nasipov</i>	Doctor of Philology, Professor	Bashkir State Pedagogical University	Russia
<i>N.A. Ismail</i>	PhD	Universiti Tun Hussein Onn Malaysia	Malaysia
<i>Y.B. Kasenov</i>	Candidate of Historical Sciences, Associate Professor	«Bolashaq» Academy	Kazakhstan
<i>A.P. Alekseev</i>	Doctor of Philosophy, Professor	Moscow State University named after M. V. Lomonosov	Russia
<i>T. Hossain</i>	PhD, Professor	Waseda University	Japan
<i>A.E. Bizhkenova</i>	doctor of philology, professor	Eurasian national university named after L.N. Gumilyov	Kazakhstan

Individual articles: © 2026 The Author(s).  
Published by Private Institution “Bolashaq” Academy / “Bolashaq-Baspa”. Articles in this issue are distributed under the Creative Commons Attribution 4.0 International License (CC BY 4.0), unless otherwise stated.

The international scientific journal «Actual problems of present» was registered by the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan (Certificate of registration of periodicals and № 15583-Ж dated September 25, 2015).

Frequency of publication: quarterly

The main thematic focus : different branches of science. The journal publishes scientific articles, materials of the research, reports, reviews, etc.  
When reprinting, a link to the journal is required. The authors are responsible for the accuracy of the facts, quotes, proper names, including geographical names.  
Subscription on the territory of the Republic of Kazakhstan on the index 75319

The Federal Service for the Supervision of Compliance with the Law in the Field of Mass Communications and the Protection of the Cultural Heritage of the Russian Federation allows the distribution of the international journal «Actual problems of modernity» (Republic of Kazakhstan) on the territory of the Russian Federation. Permission to distribute products of foreign periodicals of the RF № 78 dated July 6, 2006. Subscription on the territory of the Russian Federation by the index 88044 in the joint catalog "Press of Russia" № 000053

The international scientific journal Actual Problems of Present is included in the Russian Science Citation Index (RSCI), the national information and analytical system, under Agreement No. 75-02/2016 dated February 18, 2016.

## МАЗМҰНЫ

### **Дармодехина Д.**

Білім беруді цифрландыру жағдайында жоғары сынып оқушыларының сабақтан тыс іс-әрекеттегі командалық өзара әрекеттесуін педагогикалық фасилитациялау.....7

### **Губарева М., Смирнова И.**

Студент жастардың дене тәрбиесін жетілдірудің қазіргі заманғы тәсілдері.....23

### **Абдрахманов Р., Исмаилова Р.**

Қосалқылар арқылы аналитикалық сөзгерімнің жасалуы.....39

### **Құмарова Ж., Ақболатов А.**

Мектеп бағдарламасындағы көркем шығармаларды оқытуда жиі платформаларын қолданудың әдістемелік мүмкіндіктері.....49

### **Кенжебек Е.**

Қазақ поэзиясындағы дыбыс символизмі мен эмоционалды тон: фоносемантикалық эксперименттік зерттеу.....63

## ОГЛАВЛЕНИЕ

### **Дармодехина Д.**

Педагогическая фасилитация командного взаимодействия старшекласников во внеурочной деятельности в условиях цифровизации образования.....7

### **Губарева М., Смирнова И.**

Современные подходы совершенствования физического воспитания студенческой молодежи.....23

### **Абдрахманов Р., Исмаилова Р.**

Аналитическое словоизменение с помощью вспомогательных слов.....39

### **Кумарова Ж., Акбулатов А.**

Методические возможности использования платформ ии в обучении художественным произведениям в школьной программе.....49

### **Кенжебек Е.**

Звуковой символизм и эмоциональный тон в казахской поэзии: фоносемантическое экспериментальное исследование.....63

## CONTENTS

### **Darmodekhina D.**

Pedagogical facilitation of team interaction among senior school students in extracurricular activities in the context of educational digitalization.....7

### **Gubareva M., Smirnova I.**

Modern approaches to improving the physical education of student youth.....23

### **Abdrakhmanov R., Ismailova R.**

Analytical inflection using auxiliary words.....39

### **Kumarova Zh., Akbulatov A.**

Methodological potential of using ai platforms in teaching literary works in the school curriculum.....49

### **Kenzhebek Y.**

Sound Symbolism and Emotional Tone in Kazakh Poetry: A Phonosemantic Experimental Study.....63

## Қосалқылар арқылы аналитикалық сөзгерімнің жасалуы

*Рустем Абдрахманов<sup>1\*</sup>, Райхан Исмайлова<sup>1</sup>*

<sup>1\*</sup>Педагогика ғылымдарының магистрі, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті «Bolashaq» академиясы, Қарағанды, Қазақстан. E-mail: [a.rustem1971@gmail.com](mailto:a.rustem1971@gmail.com); ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-1782-8381>

<sup>1</sup>Педагогика ғылымдарының магистрі, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті «Bolashaq» академиясы, Қарағанды, Қазақстан. E-mail: [raihaan-a@mail.ru](mailto:raihaan-a@mail.ru); ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-2525-2538>

### Аңдатпа

Қазақ тіл білімінде сөзгерім мәселесі функционалды-грамматикалық бағытта қарастырылып келеді, алайда аналитикалық сөзгерімнің қосалқылар арқылы жүзеге асу ерекшеліктері арнайы зерттеуді қажет етеді. Осыған байланысты мақалада аналитикалық сөзгерім жүйесіндегі қосалқылардың қызметі, түрлері және грамматикалық мағына жасаудағы орны талданады. Сөзгерім мәселесі түркітану мен қазақ тіл білімінде сөзжасаммен қатар қарастырылып келгенімен, оның функционалды-грамматикалық табиғаты мен тілдік жүйедегі орны әлі де толық айқындалмаған. Сондықтан аналитикалық сөзгерімнің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып саналатын қосалқылардың қызметін анықтау өзекті ғылыми мәселелердің қатарына жатады. Зерттеудің мақсаты – аналитикалық сөзгерім жүйесіндегі қосалқылардың қызметін сипаттау, олардың түрлерін жүйелеу және грамматикалық мағына жасаудағы орнын айқындау. Зерттеудің теориялық негізін Қ. Жұбанов, Н.А. Баскаков, Н. Оралбаева, М. Мергенбаев, А. Ысқақов және басқа да ғалымдардың еңбектері құрайды. Материал ретінде қазақ көркем әдебиетінен, ғылыми зерттеулерден және грамматикалық еңбектерден алынған тілдік деректер пайдаланылып, сипаттамалы, салыстырмалы және функционалды-грамматикалық әдістер қолданылды. Зерттеу барысында сөзгерім мен сөзжасам ұғымдарының арақатынасы сараланып, аналитикалық сөзгерімге қатысатын тілдік бірліктердің құрылымдық және мағыналық ерекшеліктері талданды. Нәтижесінде аналитикалық сөзгерімнің негізгі құралдарының бірі болып табылатын қосалқылардың дәйек және аяқ қосалқылар болып жіктелетіні анықталды. Дәйек қосалқылардың сөз мағынасын күшейту, нақтылау және экспрессивтік реңк үстейтін қызметі көрсетілсе, аяқ қосалқылардың әртүрлі грамматикалық мағыналарды білдірудегі және сөздер арасындағы қатынасты нақтылаудағы рөлі сипатталды. Сонымен қатар қосалқылардың сөзгерім жүйесіндегі орны мен функционалдық сипаты айқындалып, олардың грамматикалық мағына жасаудағы маңызы көрсетілді. Зерттеу нәтижелері аналитикалық сөзгерімнің теориялық негіздерін толықтыра түсіп, қазақ тілінің функционалды-грамматикалық құрылымын тереңірек тануға мүмкіндік береді.

**Кілт сөздер:** сөзгерім, аналитикалық сөзгерім, қосалқылар, морфология.

### Аналитическое словоизменение с помощью вспомогательных слов

*Рустем Абдрахманов<sup>1\*</sup>, Райхан Исмайлова<sup>1</sup>*

<sup>1\*</sup>Магистр педагогических наук, доцент кафедры казахского языка и литературы академия «Bolashaq», Караганда, Казахстан. E-mail: [a.rustem1971@gmail.com](mailto:a.rustem1971@gmail.com); ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-1782-8381>

<sup>1</sup>Магистр педагогических наук, доцент кафедры казахского языка и литературы академия «Bolashaq», Караганда, Казахстан. E-mail: [raihan-a@mail.ru](mailto:raihan-a@mail.ru); ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-2525-2538>

### Аннотация

Казахское языкознание рассматривает проблемы словоизменения в функционально-грамматическом аспекте, однако особенности реализации аналитического словоизменения посредством вспомогательных элементов требуют специального изучения. В связи с этим в статье анализируются функции, виды и роль вспомогательных элементов в выражении грамматических значений в системе аналитического словоизменения. Несмотря на то что проблемы словообразования и словоизменения традиционно изучаются во взаимосвязи, функционально-грамматическая природа словоизменения и его место в языковой системе остаются недостаточно исследованными. В этой связи особую актуальность приобретает определение места вспомогательных элементов в системе аналитического словоизменения и выявление их участия в формировании грамматического значения. Теоретическую основу работы составили труды К. Жубанова, Н.А. Баскакова, Н. Оралбаевой, М. Мергенбаева, А. Ыскакова и других ученых. Материалом исследования послужили языковые данные из произведений казахской художественной литературы, научных и грамматических трудов, проанализированные с использованием описательного, сравнительного и функционально-грамматического методов. В ходе исследования были рассмотрены соотношение понятий словообразования и словоизменения, а также структурно-семантические особенности языковых единиц, участвующих в аналитическом словоизменении. В результате установлено, что вспомогательные элементы подразделяются на предваряющие и последующие, выполняя функции усиления, уточнения значения слова и выражения различных грамматических отношений. Кроме того, определены их место в системе словоизменения и особенности участия в формировании грамматического значения. Полученные результаты дополняют теоретические представления об аналитическом словоизменении и способствуют более глубокому пониманию функционально-грамматической структуры казахского языка. Материалы исследования могут быть использованы в дальнейших работах по морфологии, функциональной грамматике и теории словоизменения.

**Ключевые слова:** словоизменение, аналитическое словоизменение, вспомогательные элементы, морфология.

## Analytical inflection using auxiliary words

*Rustem Abdrakhmanov<sup>1\*</sup>, Raikhan Ismailova<sup>1</sup>*

<sup>1\*</sup>Master of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of Kazakh language and literature "Bolashaq" Academy, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: [a.rustem1971@gmail.com](mailto:a.rustem1971@gmail.com); ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-1782-8381>

<sup>1</sup>Master of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of Kazakh language and literature "Bolashaq" Academy, Md Karaganda, Kazakhstan. E-mail: [raihan-a@mail.ru](mailto:raihan-a@mail.ru); ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-2525-2538>

### Abstract

In Kazakh linguistics, issues of inflection have increasingly been studied from a functional-grammatical perspective; however, the realization of analytical inflection through auxiliary elements still requires special investigation. Therefore, this article examines the functions, types, and role of auxiliary elements in expressing grammatical meanings within the system of analytical inflection. Although word formation and inflection have traditionally been studied in close connection, the functional-grammatical nature of inflection and its place in the language system remain insufficiently

explored. In this regard, identifying the role of auxiliary elements, which constitute one of the principal markers of analytical inflection, is of particular scientific relevance. The aim of the study is to describe the functions of auxiliary elements, classify their types, and determine their role in the formation of grammatical meaning within the system of analytical inflection. The theoretical framework of the study is based on the works of K. Zhubanov, N.A. Baskakov, N. Oralbaeva, M. Mergenbaev, A. Iskakov, and other scholars. The research material consists of linguistic data drawn from Kazakh literary works, linguistic studies, and grammatical sources, analyzed using descriptive, comparative, and functional-grammatical methods. The study first examines the relationship between inflection and word formation and then analyzes the structural and semantic features of linguistic units involved in analytical inflection. The findings demonstrate that auxiliary elements can be classified into preposed and postposed auxiliaries, which serve to intensify and specify lexical meanings as well as express various grammatical relations. The study also identifies their place within the inflectional system and highlights their role in the formation of grammatical meaning. The results contribute to the theoretical understanding of analytical inflection and provide deeper insight into the functional-grammatical structure of the Kazakh language. The findings may also serve as a basis for further research in morphology, functional grammar, and the theory of inflection.

**Keywords:** inflection, analytical inflection, auxiliary elements, morphology.

## 1. Кіріспе

Қазақ тіл білімінде сөзгерім мәселесі дербес ғылыми бағыт ретінде ХХ ғасырдың соңынан бастап жүйелі түрде қарастырыла бастады. Негізінен сөзгерім мәселесі тілдің функционалды қызметімен тікелей байланысты. Атап айтқанда грамматикалық мағына, форма, категория. Осы грамматикалық заңдылықтар тілдің функционалды қызметіне тікелей әсер етеді. Дегенмен жоғарыда аталған (грамматикалық мағына, форма, категорияларды) заңдылықтар – тіл білімінің морфология саласында да қолданылатын терминдер. Морфологияда бұл заңдылықтар сөз құрамын ажырату үшін және әр сөз таптарының құрылымдық, мағыналық ерекшеліктерін көрсету мақсатымен қолданса, сөзгерімде бұл заңдылықтар, әсіресе, грамматикалық мағыналардың берілу жолдарына сүйене отырып, нәтижесінде тілдің белгілі «бір қоғамда атқаратын функционалды қызмет дәрежесін анықтайды. Сондықтан сөзгерім жалпы грамматикалық мағыналарды емес, әрбір сөз табында, әдістерде қолданылатын әрі тілдің функционалды қызметін көрсете алатын ішкі грамматикалық мағыналарды қарастырады.

Сөзгерім саласы сөздің жасалуын қарастырмайды, ол сөздің тұлға жағынан қалай өзгеретінін грамматикалық мағыналар арқылы түсіндіреді. Сондықтан қосымшаларды қарастырғанда морфологиядан өзгеше болу үшін тұлғажасам, сөзбайлам қосымшалар деген терминдер қолданылады. Тілдің функциясы сөз қолданысқа негізделген сөзжасамдар мен сөзгерімдердің түрлері мен типтерін анықтауға тікелей қатысты, соларға бағыт беріп отырады. Түркі тіл білімінің тарихында сөзгерім мен сөзжасам мәселесі үнемі бір-бірімен тығыз байланыста сөз етіліп келеді (Аханов, 1996). Ал сөз табының мәселесі негізінде морфологиялық тұрғыдан, яғни сөзгерімнің ерекшеліктері тұрғысынан қаралады. Басында үндіевропалық тіл білімінен ауысқан орыс тіл біліміндегі сөзжасам мен сөзгерім түркітану үшін ежелден белгілі. Ол О.Н. Бетлингтің зерттеулерінің өзінде («Словообразование и словоизменение») деген атпен жіктелген болатын.

Зерттеудің мақсаты – аналитикалық сөзгерім жүйесіндегі қосалқылардың қызметін анықтау және олардың грамматикалық мағына жасаудағы орнын сипаттау.

Зерттеу міндеттері:

- сөзгерім мен сөзжасам ұғымдарының арақатынасын анықтау;
- аналитикалық сөзгерім құрамындағы қосалқылардың түрлерін жүйелеу;
- дәйек және аяқ қосалқылардың функционалды ерекшеліктерін талдау;
- қосалқылардың сөзгерім жүйесіндегі орнын айқындау.

Зерттеу сұрағы: аналитикалық сөзгерімде қолданылатын қосалқылар қандай қызмет атқарады және олар грамматикалық мағына жасауда қандай рөл атқарады?

Зерттеудің ғылыми жаңалығы аналитикалық сөзөзгерім құрамындағы қосалқылардың қызметін функционалды-грамматикалық тұрғыдан жүйелеуде көрінеді. Зерттеуде Қ. Жұбанов ұсынған дәйек және аяқ қосалқылар жіктемесі қазіргі сөзөзгерім теориясы негізінде қайта қарастырылып, олардың грамматикалық мағына жасаудағы орны нақтыланды.

## 2. Әдісі мен материалдар

Зерттеу материалы ретінде Абай, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, С. Мұқанов шығармаларынан және ғылыми еңбектерден алынған аналитикалық сөзөзгерімге қатысты 100-ден астам тілдік дерек пайдаланылды. Деректерде қосалқылардың қатысуымен жасалған сөзтұлғалар іріктеліп, функционалды-грамматикалық талдау жүргізілді.

Түркі тілдерінің құрылысы жөнінде түбегейлі нақты теория айтқан ғалым – Н.А. Баскаков. Қазір ол тіл білімі тарихында түркі тілдерінің құрылысы жөнінде ең дұрыс та тиянақты айтылған тұңғыш пікір ретінде қызмет етіп келеді. Баскаковтың тұжырымдамасына сүйенсек, сөзөзгерімнің ерекше синтаксистік анықтамасы бар, яғни «сөз тіркестері мен сөйлемдегі сөздердің тұлғалық көрсеткіштерінің жүйесі болғандықтан, сөзөзгерім «сөз тіркестері мен сөйлемнің морфологиясы» немесе «синтаксистік морфология» ретінде танылады. Ғалым тұлғажасам (формообразование) деген терминге сенімсіз қарайды, «сөзөзгерім дегеннің өзі шындығында тұлғажасам дегенді білдіреді», бұлардың арасында ешбір айырмашылық жоқ екенін анықтайды.

Сөзжасам (словообразование) деген, ұғымды Н.А. Баскаков «лексикалық морфологияға» жатқызады және оны жаңадан сөз жасаудың тұлғалық көрсеткіштерінің жүйесі деп түсіндіреді. Сөзжасам мен сөзөзгерімді Баскаков (1986) тілдік механизмнің морфемалар жиынтығы, грамматикалық «көрсеткіштер жүйесі» деп таныды. Мақалада да сөзжасам мәселесі осы негізде: морфологияның құрылымдық деңгейінде емес, сөз қорын байытатын единицалар деңгейінде қаралады. Егер Н.А. Баскаков сөзөзгерім морфемалар жүйесі «сөз тіркестері мен сөйлемдегі мүшелердің таза синтаксистік қатынасын білдіреді» дегенін ескеретін болсақ (ол аффикстер – көптік, септік, тәуелдік және жіктік жалғаулар), онда синтаксистік қатынасты білдірмейтін етістіктің етіс, жақ, шырай т.б. категорияларын тудырушы морфемалар сияқты басқа да сан алуан аффикстер сөзжасам аффикстер қатарына қосылуы қажет болады. Н.А. Баскаковтың (1986) функционалды-грамматикалық сөзжасам деген пікірін көптеген ғалымдар қостайды.

Морфемалардың құрылымы мен қызметін зерттеу түркітану мен жалпы тіл білімінде маңызды орын алады. Морфеманың құрылымдық сипаты мен қызметтік ерекшеліктері Ибатовтың (1983) және Бауердің (2003) еңбектерінде жан-жақты қарастырылған.

Сөзжасам мен сөзөзгерім терминдері қазіргі түркі тілдерінің грамматикаларында әдетте сөз құрамын жасайтын морфологиялық құбылыс ретінде беріледі. Кейбір еңбектерде сөзөзгерім термині тұлғажасам терминімен ауыстырылып өзара синоним ретінде берілсе, ал кейбір еңбектерде бұл терминдер жеке-жеке ұғымдар ретінде қарастырылады. Кейінгі түркі тілдерінің, атап айтар болсақ, қарайым, гагауыз, қарашай, балқар тілдерінің грамматикаларында да сөз таптарын сипаттау екі топқа қарастырылады: 1. сөзжасам (словообразование); 2. сөзөзгерім (словоизменение).

## 3. Нәтиже және оның талқылауы

Бұл зерттеуде сөзөзгерім сөздің жаңа тұлғалар жасау жүйесі ретінде қарастырылса, сөзжасам жаңа лексикалық бірліктер тудыру қызметімен сипатталады. Ал тұлғажасам сөзөзгерімнің құрамындағы нақты грамматикалық тұлғаларды қалыптастырушы механизм ретінде түсіндіріледі. Сөзбайлам тұлғалары сөздердің синтаксистік байланысын жүзеге асыратын грамматикалық көрсеткіштер ретінде қарастырылады. Осы ұғымдардың арақатынасын нақтылау аналитикалық сөзөзгерімнің табиғатын дұрыс түсіндіруге мүмкіндік береді.

Талдау нәтижесінде дәйек қосалқылардың негізгі қызметі сөз мағынасын күшейту ғана емес, сонымен қатар сөйлеушінің бағалауыштық және экспрессивтік қатынасын білдіру екені анықталды.

Сөзөзгерімнің аналитикалық тәсілі сөзді (сөзтұлғаны) негізгі және қосымша морфема деп екі жікке бөлгендегі қосымша морфеманың қосалқы морфемалар деп аталатын түріне жатады. «Қосалқы морфемаларды іштей дәйек қосалқылар және аяқ қосалқылар деп екі топқа бөліп көрсетілген»

(Мергенбаев, 2015; Жарқынбекова, 2025). Қосалқылардың бұл түрлері өз ішінде тағы да бірнеше ұғымдарға бөлініп жатады.

Күрделі сөздер мен күрделі тұлғалардың жасалу жолдары қазақ тіл білімінде арнайы зерттеу нысаны болып келеді. Осы тұрғыдан алғанда аналитикалық құрылымдардың қалыптасу ерекшеліктері күрделі тұлғалардың табиғатымен де сабақтас қарастырылады (Шәкенов, 1991).

Жалпы алғанда, қосалқылардың сипаты мынадай болып келеді. Қосалқылар – лексикалық мағынасы солғындап, не жоғалып кеткен, дербестігі жоқ, тек негізгі сөздермен бірге айтылып, қосалқы дәрежеде қызмет атқаратын тұлғалар мен сөздер. Қосалқылар жөнінде алғаш рет пікір айтқан Қ. Жұбанов болатын (Мергенбаев, 2015). Бірақ осы пікір 2000 жылдарға дейін мүлде ұмыт болып келді де етістіктің аналитикалық формасының екінші компоненті ретінде Н. Оралбаеваның зерттеулерінен орын алды. Қ. Жұбанов қосалқы сөздерді іштей дәйек қосалқы және аяқ қосалқы деп екі жікке бөледі (Жұбанов, 1999). Дәйек қосалқыларға тым, өте, қас деген сөздерді жатқызады да, аяқ қосалқыларға шейін, дейін, -ақ, ғой сияқты септеулік, демеулік шылау сөздерді жатқызған Мұндай сөздер кейінгі зерттеулерде сөз таптарының тұсында ғана аталып, олардың қосалқы морфемалық қасиеттері ескерілмей келді. Қ. Жұбанов (1936) қосалқылар қосылып айтылған сөзтұлғаны (сөзформаны) бүтіндей тіркесімен алып, «қосалқы сөз» деп атаған. А. Ысқақовта сөзтұлғалар күрделі етістіктер тобында сөз етілген Н. Оралбаевада «көмекші сөз» деп аталған. Біздің ойымызша, Қ. Жұбановтың атауын негізге алып, сөздің мұндай түрлерін «қосалқы сөзтұлға» деп атаған жөн. Бұлай деп атау қосалқы сөз тұлғаны «жалаң сөзтұлғадан» бөліп алу үшін өте қажет. Жалаң сөзтұлға тобына түпкі түбірлер мен түбір. негіздер, туынды негіздер жатады да, қосалқы сөзтұлғаның тобына дәйек және аяқ қосалқы сөздер жатқызылған жөн деп санаймыз.

Дәйек қосалқылар – негізгі сөздің алдына айтылып, оған әр түрлі үдетпе немесе күшейтпе мән үстейтін сөздермен буындар (Оралбаева, 1988). Дәйек қосалқылардың мағынасы біркелкі күшейте мәнді болып келеді де, іштей күшейтпе сөздер, күшейтпе буындар болып екі жікке бөлінеді.

Дәйек қосалқылар сан жағынан да, түр жағынан да аяқ қосалқылардан әлдеқайда аз. Оларға жеке-жеке тоқталатын болсақ, мынадай болып келеді.

1. Күшейтпе мәнді дәйек қосалқылар. Қосалқылардың бұл түріне заттың сынын, қимылын немесе әр түрлі мөлшер-көлемін асыра күшейтіп көрсететін ең, әбден, тым, кілең, тіпті, нақ, нағыз, дәл, аса т.б. сөздер жатады (Оралбаева, 1988). Мысалы: Қара жер адамзатқа болған мекен, қазына іші толған әр түрлі кен. Ішінде жүз мың түрлі асылы бар, Солардың ең артығы немене екен? (Абай). Әубәкір мырзаға барайыншы. Әбден қас қараюға айналған уақытта Көксерек жалғыз өзі баяулап басып ауылға келді (М. Әуезов). Жүрегім ойбай, соқпа енді! Бола берме тым күлкі (Абай). Ойланбақ жақсы, іске тіпті салынып кеткен кісі ойын байлай алмай, қиялы болып та кеткені де болады (Абай). Шынында, бас пайданды білмейтін нағыз мифұла сенің өзіңсің (М. Мағауин). Баланың саусағының дәл астынан, Көрінді Моцарт тұрып кеткендей боп (Ғ. Қайырбеков). Жәмпейіс өзі сөз білмейтін, сөзін кісіге ұғымды қып айта алмайтын, аса бір орашолақ адам еді (М. Әуезов).

2. Күшейтпе буынды дәйек қосалқылар. Қосалқылардың бұл түріне қос сөздердің алдыңғы (бірінші) компоненті ретінде екінші компонентінің бірінші буынын күшейте үстеу мақсатында, сол сөздің бірінші компоненті ретінде айтылатын күшейтпе буындар жатады Мысалы: Ізденгіш жансың, көргемін, көңілің аппақ, күшің мол (Ғ. Қайырбеков).

Мұндай типтегі күшейтпе буындар (аппақ, ап-пақ) көбіне есімдерге тиісті болады да, қазіргі офографиямызда кейде бөлек, кейде қосылып жазылады.

Күшейтпе сөзді дәйек қосалқылар – негізгі сөздердің алдында айтылатын өте, тым, ең, нақ, аса сияқты сөздер. Мысалы: Өте жақсы, тым жаман дегенде, жақсы, жаман сөздерінің мағынасы үстемеленіп, күшейтіліп тұр. Күшейтпе буынды дәйек қосалқылар қатарына қап-қара, сап-сары, қып-қызыл деген қос сөздердің алдыңғы компоненті ретінде айтылатын қап, сап, қып сияқты күшейтпе мәнді буын – морфемалар жатады. Бұл морфемалар бұрынғы зерттеулерде бұлайша жеке бөлініп, қосалқы морфемалар тобында сөз дәрежесінде қолданылмағандықтан, қосымша морфемалар қатарына жатқызып, күрделі сөздердің құрамындағы бір компонент дәрежесінде айтылатын болғандықтан, қосалқылар қатарына қосамыз. «Дәйек қосалқы» деген атауды алғаш рет Қ. Жұбанов қолданған, бірақ бұл атау кейінгі зерттеулерде ескерусіз қалған.

Аяқ қосалқылар – негізгі сөзден кейін айтылып, оған әр түрлі грамматикалық мағына үстейтін қосымша тұлғалар мен көмекші сөздер. Сондай-ақ аяқ қосалқылар қосарланып айтылған сөздер құрамы мен тіркесі қолданылған сөздердің соңғы сыңары түрінде айтылады. Мағына жағынан олар іштей шектемелер және көмекшілер деген екі топқа бөлінеді. Шектемелер өзі тіркесіп айтылған немесе қосарланып айтылған сөздердің мағынасын шектеу қызметін атқарады. Шектемелер өз ішінде демеуліктер және ұқсамалар болып екіге бөлінеді:

Демеуліктер ғана, түгіл, -ақ, екеш т.б.

Ұқсамалар нан-пан, ет-мет, қазы-мазы т.б. дегендегі пан, мет, мазы сияқтылар.. (Жұбанов, 1999)

Көмекшілер төрт түрге бөлінеді:

1. Көмекші есімдер: қасы, үсті, іші т.б.

2. Көмекші етістіктер: бол, қал, сал т.б.

3. Септеулік шылаулар: дейін, шейін, гөрі т.б.

4. Демеулік шылаулар: -ақ, -ау, ғой т.б.

Қосымша морфемалардың бұл түрі бұрынғы зерттеулерде қосымша морфема болып танылмаған (Мергенбаев, 2015).

Сөздер (сөзтұлғалар) морфемдік құрама тұрғысынан күрделі екі топқа бөлінеді: негізгі морфемалы сөздер және қосымша морфемалы сөздер (Бодуэн де Куртенэ, 1963). Негізгі морфемалы сөздер қатарына түпкі түбірлер мен түбір негіздер және туынды негіздер жатады. Қосымша морфемалы сөздер қатарына қосымша морфемалы және қосалқы морфемалы сөздер жатады.

Демеуліктер – өзі тіркескен негізгі сөзге қосымша мағына үлкейтіп шылау сөздер қатарына жатады. Демеуліктердің бірнеше түрі бар. Солардың ішінде шектемелер қатарына тек тежеу мағынасында болымсыздық және қомсыну мағынасында айтылатын шылау сөздер ғана жатады (Қазақ грамматикасы, 2002)

Тежеу мағыналы шектемелер (қана, ғана-ай) белгілі бір нәрсеге іс-әрекет, қимыл, сын-сипат, мезгілге т.б. шек қоя тұжырымдап айту мақсатында қолданылады. Ондай шектеме демеуліктердің өзіндік мынадай қасиеттері бар:

Қана (ғана) тежеу демеулігі әдетте атау тұлғадағы есім, сын есім және үстеу сөздерге, етістіктерге тіркесіп қолданылады да, сол сөздерге шек қою мәнін үстейді. Мысалы: Артельдің мектебі төрт кластық қана болатын (С. Мұқанов). Мен саған тек қана бақыт тілеймін, Нәрешжан! (Р. Райымқұлов). Өткен шежіре тарихымыздың тек бөлшектенген көмескі жұрнақтары ғана біздің заманымызға жетіп отыр (С. Сейфуллин).

-Ақ демеулігі – қолданылу мақсатына қарай әрі күшейту, әрі шектеу мәніндегі шылау сөз. Мұндай сөздерден тек шектеу мағынасын ажыратуға болады. Мысалы,

Жабырқап жатыр жусап жаратылыс,

Бермеді түнерген түн қызға дыбыс,

Шошымал шолпы, шашбау сылдырады,

Жалғыз-ақ сыртылдады күміс кебіс. (І. Жансүгіров).

Оқытушылардың аудандық мәслихатына келген бетте-ақ Шаймерден емханаға кіріп, Ақмоншақтың халін білген (М. Иманжанов).

-Екеш демеулігінің мағынасы түгіл, тұрсын шылауларынан өзгеше. Бұл демеулік негізгі мағыналы сөзге қосынды, кемсіну, мұқату сияқты грамматикалық мән үстейді. Дегенмен, негізгі қияметі шектеумен үйлесіп жатады. Мысалы: Оны бала екеш бала да біліп алған (Ш. Мұртаза). Көлігі өрге қарай қиналғанда кісі мал екеш малды да аяп, түсіп жаяу жүруші еді (Т. Ахтанов).

Ұқсамалар – таза грамматикалық тұлғалар. Олар жеке ешбір мағынаны білдіре алмайды. Тілде мұндай тұлғалар жеке қолданылмайды да. Мысалы: Базарға барып ет-мет алып келмеймісің, – деді кемпірі (ауызекі тіл)», – деп түсіндіреді (Мергенбаев, 2015).

Тілімізде (әсіресе, ауызекі сөйлеу тілінде) мұндай тұлғалар кез-келген зат есім сөзге тіркесіп жасала береді. Бірінші компонент толық мағыналы болғандықтан, екінші мағынасы жоқ қосалқы сөзге мән бермейді де, ол жасанды күйінде ұқсамалар ыңғайымен қолданылады. Мысалы, түсіндірме сөздікте берілген зат есімдерді қарап шыққандағы жағдай мынадай: абажа-сабажа-сабажа, абақты-сабақты, абзел-сәбзел, абыз-сабыз, ағайын-сағайын т.б. Бұл сөз қолданыстардың құрамындағы ұқсама тұлғалар

сөзге тек абстракты грамматикалық мағына үстейтін тұлғалар. Олар сөз емес, себебі жеке қолданылмайды.

Түгел демеулігі есім сөздер мен етістіктерге тіркесіп, болымсыздық – шегеру мағынасын береді. Мысалы: Дорбаны сауып тыныштықсыз бір ай түгіл, жыл өтті. Алтындай жүзі сарғайды, қол дірілдеп, әл кетті (Абай).

Тұрсын (тұрмақ) демеуліктерінің де мағынасы түгел сияқты. Мысалы: Ойын-күлкі тұрмақ, дүниедегі бүкіл ләззат бұларға екінші мәртәбедан қалып, бір ғана хақты таппақ, әрбір нәрсенің себебін таппақпенен ләззаттанады (Абай).

Көмекшілер – өз табиғатында негізгі сөздерге тіркесе қолданылып, соларға абстракты грамматикалық мағына үстеу үшін қолданылатын сөздер. Бұл топқа негізінен көмекші есімдер мен көмекші етістіктер және септік шылаулары мен біраз демеулік шылаулары жатады.

Етістіктің грамматикалық категориялары мен олардың лексика-грамматикалық табиғаты көмекші етістіктердің қызметін түсіндіруде маңызды орын алады (Қалыбаева, 1976).

Көмекші есімдер өз атауынан көрініп тұрғандай, қолданылу мақсатына қарай лексикалық мағынасы бірде түгел сақталып, бірде солғындап барып грамматикалық мағынаға ауысып кететін сөздер. Біздің пікір айтқалы отырғанымыз осы екінші мағына. Көмекші есім мағынасында қолданылатын сөздер сан жағынан онша көп емес: алды, арты, үсті, жаны, арасы, маңы, ортасы, іші, сырты, сабы, беті, тұсы т.б. Мысалы:

Жалқаулар ауырдың үстімен, жеңілдің астымен өмір сүріп, қоғамға аз беріп, көп алуға тырысады (газеттен).

Желсіз түнде жарық ай,  
Сәулесі суда дірілдеп,  
Ауылдың жаны терең сай,  
Тасыған өзен күрілдеп (Абай) т.б.

Көмекші есімдер тарихи тұрғыдан алғанда, тілдің даму барысында орын, мекен сияқты заттық ұғымдардан шыққан. Сол себепті олар белгілі бір заттың, не заттық құбылыстың, не уақыт, мерзім немесе уақиғаның іші, сырты, маңы, ортасы т.б. сияқты ұғымдарды білдіру дәрежесіне көшіп кеткен. Сондықтан да олар негізгі сөздермен тіркесіп барып қана сөйлемнің күрделі мүшелерінің құрамына ене алады. Көмекші есімдер мағына жағынан бірнеше топқа бөлінеді:

1. Белгілі бір мекенді аталған затқа алыс не жақындығы тұрғысынан анықтап көрсету. Мұндай көмекші есімдер қатарына жаны, маңы, түбі, шеті сияқты есімдер жатады. Мысалы: Қара тастың жанында біз – піл мен үш жасар баладай екенбіз ғой өзі (З. Шашкин). Бәтима ошақ маңына отын жинап жүр (С. Мыңжасарова).

2. Мекендік ұғымды заттармен аралық қатысы тұрғысынан анықтап көрсету. Мұндай көмекшілерге арасы, ортасы сияқты есімдер жатады. Мысалы: Қазақтың шұбатылған даласы осынау жатқан бір кезде құлан жорыппас, құладың ұшпас шөл дала атанған Балқаш пен Алатаудың арасы бар (Ө. Әбішев). Бұлар ағаш ортасындағы кішкене алаңға шықты (А. Сатаев).

3. Мекендік ұғымды заттың әр түрлі тарабына (шар тарабына) байланысты анықтап көрсету. Мұндай көмекші есімдер қатарына алды, арты, үсті, беті, бойы сияқты есімдер жатады. Мысалы: Ауылдың орта шеніндегі бір үйдің алды үйме-жүйме болған кісі (Б. Майлин). Әр үйдің алдында аяғына саломнан жасалған пима киіп фрицтер қарауылда тұр (М. Ғабдуллин). Қарттың үйінде басы артық төсек жоқ болғандықтан, серігіміз екеуіміз ауладағы жаңа тасып әкелінген пішеннің үстіне жаттық (Ө. Қанахин). Жердің үстіндегі сияқты астында да өзен болады (Қ. Исабеков). Жаңбыршы ауылы биік болғанымен, селдіреп кеткен ағаштың ішіндегі қыстауынан жаңа ғана жылжып, ұзын бір сайдың бойын өрлей қонған екен (Ғ. Мүсірепов). Көкшетаудың бойында алтын көп екенін білеміз, – деді Таубай (С. Мұқанов). Кейбір көмекші есімдер заттың өз аясын ғана қамтитын мекендік ұғымды білдірсе, кейбір заттың басталар шегін аңғартатын мекендік ұғымда айтылады. Мұндай көмекші есімдер қатарына іші, басы сияқты сөздер жатады. Мысалы: Дүкен іші лық толған адам, бәрі бір нәрсеге таласа ұмтылып жатыр (Е. Өтетілеуов). Қарлығаш ұясын қыстаудағы қоралардың, аша ағаштың басына салады (С. Мұқанов). Абай төбенің басына шықты (М. Әуезов).

Көмекші етістіктердің аналитикалық форманттары бірі – таза көмекші етістіктер, екіншісі – негізгі

етістіктердің көмекші етістіктер қызметіне ауысуы. Етістіктердің дәл осылай көмекші етістіктер қызметінде қолданылуы негізінен, сол сөздердің қалайша қолданылуына байланысты. Демек, олардың негізгі етістіктермен қандай грамматикалық тұлғалар арқылы тіркесуіне байланысты. Ондай негізгі етістіктер мен көмекші етістіктерді бір-бірімен байланыстырып тұратын грамматикалық тұлғалар етістіктің аналитикалық форманттары деп аталады (Есипова, 2011).

«Септік шылаулар қосалқы морфемалардың көмекшілер деп аталатын аяқ қосалқылар тобына жатады. Септеуліктер – тілімізде қолданылу мақсатына қарай объекті және объектінің арасындағы әр алуан грамматикалық қатынастарды білдіру үшін қолданылатын және белгілі бір септік жалғауын менгеріп тұратын көмекші сөздер», – деп түсіндіреді (Жанпейсов, 2002). Септеулік шылаулар әдетте өзара бағыныңқылық қатынастағы сөздерді бір-бірімен ұштастыру үшін жұмсалады. Сол себептен бе олар сөз бен сөздің арасындағы әр түрлі мезгілдік, себептік, мекендік т.б. сияқты грамматикалық қатынастарды білдіреді.

Демеуліктер – өз атынан көрініп тұрғандай, тек қана өздері тіркескен сөздерге әр түрлі қосымша грамматикалық мағына үстейтін сөздер (Ысқақов, 1991). Дегенмен, демеуліктердің бұл қызметінің ішінен біздің көңіл аударатынымыз – олардың қосымша көмекші морфема ретінде қолданылуы. Жалпы алғанда, демеулік шылаулар өзара сұраулық, күшейтпе, тежеу, қарсылық, көңіл күй, модальдық деген ұғымдарға бөлініп жатады. Солардың ішінде біздің назар аударатынымыз көңіл күйі мен модальдық демеулік қосалқы шылау сөздер. Модальдық демеу қосалқылар – әдетте, негізгі сөзге сөйлеушінің субъективті түрде араласып, айтқан ойын не пікірін құптай түсу, қолдау мәнінде айтылатын қосалқы шылау сөздер. Мұндай қосалқылар тек қой (ғой) шылаулары арқылы беріледі.

Мысалы: Әйтеуір жақсылыққа қылған ниеттің жамандығы жоқ қой дейміз (Абай). «Бір кісі емес жазғаным, жалпақ жұрт қой, шамданбай-ақ, шырақтарым, ұқсаң жарар (сонда). – Шәкізат қой, жаным-ау? – деп қалды Сұлтанмахмұт (Д. Әбілев).

#### 4. Қорытынды

Зерттеу нәтижесінде аналитикалық сөзөзгерім жүйесінде қосалқылардың маңызды қызмет атқаратыны анықталды. Аналитикалық сөзөзгерімнің негізгі құралдарының бірі болып табылатын қосалқылардың дәйек қосалқылар және аяқ қосалқылар болып жіктелетіні, олардың әрқайсысының өзіндік құрылымдық және функционалдық ерекшеліктері бар екендігі көрсетілді. Талдау барысында дәйек қосалқылардың сөз мағынасын күшейту, нақтылау және экспрессивтік реңк үстеу қызметін атқаратыны айқындалды. Ал аяқ қосалқылардың әртүрлі грамматикалық мағыналарды білдіруге, сөздердің арасындағы синтаксистік және мағыналық қатынастарды нақтылауға қатысатыны анықталды.

Зерттеу барысында сөзөзгерім мен сөзжасам ұғымдарының арақатынасы қарастырылып, аналитикалық сөзөзгерімнің сөз тұлғаларын жасаудағы орны сипатталды. Қосалқылардың лексикалық мағынасының солғындауы немесе толық жойылуы олардың негізгі сөздермен тіркесіп қолданылатын ерекше тілдік бірлік ретінде қызмет етуіне негіз болатыны көрсетілді. Осыған байланысты қосалқылардың сөзөзгерім жүйесіндегі орны мен қызметін анықтау қазақ тілінің функционалды-грамматикалық құрылымын тереңірек түсінуге мүмкіндік беретіні байқалды.

Зерттеудің ғылыми нәтижелерінің бірі – Қ. Жұбанов еңбектерінде ұсынылған дәйек және аяқ қосалқылар туралы тұжырымдардың қазіргі сөзөзгерім теориясы тұрғысынан қайта қарастырылуы. Сонымен қатар М. Мергенбаев, Н. Оралбаева және басқа ғалымдардың еңбектерімен сабақтастыра отырып, қосалқылардың аналитикалық сөзөзгерім жасаудағы қызметі жүйеленді. Бұл қосалқылардың тек көмекші элементтер ғана емес, грамматикалық мағына жасаудың маңызды құралдарының бірі екендігін көрсетуге мүмкіндік берді.

Талдау нәтижелері аналитикалық сөзөзгерімнің қазақ тіліндегі грамматикалық мағына жасаудың өнімді тәсілдерінің бірі екенін дәлелдейді. Әсіресе дәйек және аяқ қосалқылардың сөз мағынасын түрлендірудегі, нақтылаудағы және сөйлемдегі қызметтік қатынастарды білдірудегі рөлі олардың функционалдық маңызын айқындай түседі. Осы тұрғыдан алғанда аналитикалық сөзөзгерім мәселесі қазақ тілінің морфологиялық жүйесін ғана емес, оның функционалды-грамматикалық ерекшеліктерін зерттеуде де маңызды орын алады.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері қазақ тіл біліміндегі сөзөзгерім теориясын толықтыра түседі және аналитикалық тәсіл арқылы жасалатын грамматикалық тұлғалардың табиғатын тереңірек тануға мүмкіндік береді. Алдағы уақытта аналитикалық сөзөзгерімге қатысатын тілдік бірліктерді басқа түркі тілдерімен салыстыра зерттеу, сондай-ақ олардың функционалды-семантикалық ерекшеліктерін арнайы қарастыру сөзөзгерім теориясының одан әрі дамуына негіз бола алады.

### **Қаржыландыру туралы мәлімет**

Бұл зерттеу арнайы қаржыландырылмады.

### **Мүдделер қақтығысы**

Автор мүдделер қақтығысы жоқ екенін мәлімдейді.

### **Авторлардың үлесі**

Рустем Абдрахманов – тұжырымдамасы, дизайны, материал жинау және талдау. Райхан Исмайлова – мәтін жазу және өңдеу.

### **Деректердің қолжетімділігі**

Мақалада пайдаланылған деректерді автордан сұрау арқылы алуға болады.

### **Ашық қолжетімділік**

Бұл мақала Creative Commons Attribution лицензиясының (<http://creativecommons.org/licenses/by/4.0/>) талаптары мен шарттарына сәйкес ашық қолжетімді түрде таратылады.

### **Авторлық құқық**

Осы мақаланың авторлық құқығы авторларда сақталады, ал журналға мақаланы алғаш жариялау құқығы беріледі.

### **Әдебиеттер**

1. Akhanov, K. (1996). *Grammatika teoriyasynyn negizderi* [Fundamentals of the theory of grammar]. Almaty.
2. Baskakov, N. A. (1986). O granitsakh russkogo yazyka [On the borders of the Russian language]. *Sovetskaya Tyurkologiya* [Soviet Turkology], 2, 3–11.
3. Bauer, L. (2003). *Introducing linguistic morphology* (2nd ed.). Edinburgh University Press. <https://www.jstor.org/stable/10.3366/j.ctvxcrdv8>
4. Baudouin de Courtenay, I. A. (1963). *Izbrannye trudy po obshchemu yazykoznaniyu* [Scientific works on general linguistics]. Moscow.
5. Charyeva, J., Tekae, T., & Dzhanyeva, Sh. (2024). Comparison of the verb: Morphological identity and syntactic functions. *Vestnik Nauki* [Bulletin of Science], 80(11), 1.
6. Esipova, A. V. (2011). *Teoreticheskie problemy perevoda na turetskii yazyk: Na materiale stenograficheskogo yazyka* [Theoretical problems of translation into Turkish: Based on shorthand language material].
7. Ibatov, A. (1983). *Sozdyn morfologiyalyk kurylymy* [Morphological structure of the word]. Nauka.
8. Isakov, A. (1991). *Kazirgi kazak tili* [Modern Kazakh language]. Ana Tili. *Kazak grammatikasy* [Kazakh grammar]. (2002). Elorda.
9. Kalybaeva, A. (1976). *Etistikterdin leksika-grammatikalyk sipaty* [Lexical and grammatical nature of verbs]. Almaty.
10. Mergenbaev, M. (2015). *Kazak tilindegi soz turlenui* [Word change in the Kazakh language]. Almaty.

11. Oralbaeva, N. (1972). *Kazak tilindegi etistikterdin analitikalik sipaty* [Analytical nature of verbs in the Kazakh language]. Nauka.
12. Oralbaeva, N. (1988). *Kazirgi kazak tilindegi san esimnin zhasalu zhuiesi* [The word-forming system of numerals in the modern Kazakh language]. Mektep.
13. Shakenov, J. (1991). *Kazak tilindegi kurdeli sozder men kurdeli tulgalar* [Complex words and complex forms in the Kazakh language]. Ana Tili.
14. Zhanpeisov, E. A. (2002). Modal sozder [Modal words]. In *Kazak grammatikasy* [Kazakh grammar]. Elorda.
15. Zharkynbekova, S. K., Tazhibayeva, S. Zh., & Filchenko, A. U. (2025). Problems of preserving the Kazakh language in China: Threats of extinction and ways of solution. *Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences*, 18(3), 502–515.
16. Zhubanov, K. (1936). *Kazak tili grammatikasy* [Grammar of the Kazakh language]. Almaty.
17. Zhubanov, K. (1999). *Kazak tili jonindegi zertteuler* [Research on the Kazakh language]. Almaty.

#### **Information about the authors**

**Rustem Abdrakhmanov** – Master of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of Kazakh language and literature "Bolashaq" Academy, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: [a.rustem1971@gmail.com](mailto:a.rustem1971@gmail.com); ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-1782-8381>

**Raikhan Ismailova** – Master of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of Kazakh language and literature "Bolashaq" Academy, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: [raihan-a@mail.ru](mailto:raihan-a@mail.ru); ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-2525-2538>